

6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған **Саурыкова Жұлдыз Мейрхановнаның «Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары»** тақырыбындағы диссертациясына рецензенттің

## **ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Бүгінгі білім беру саласындағы ең басты міндеті – қазіргі оқушылардың ғылыми дүниетанымын педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыру арқылы қалыптастыру мен дамыту. Өйткені, білім болашаққа қызмет етеді, білім жүйесі жоғары дәрежеде қоғамның әлеуметтік-экономикалық үдемелі дамуына ықпал жасайды. Отандық білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде «кең ауқымды дағдыларға» көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделі отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі кездесетін қиындық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім мазмұны мұғалімнен әрекеттік технологияларды енгізу және пәнаралық байланысты қолдануда оқушылармен ынтымақтастық, достық қатынас қағидасын іске асыруы арқылы сыныптағы әрбір оқушының жеке қабілеттері мен шығармашылық қатынасын дамытуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу үдерісі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметін сипаттайды, ал бұнда мұғалім педагогикалық ойлауды жаңаша бейнеде қалыптастыруы қажет және оқушымен бірге өзі де білім жетілдіруін міндеттейді.

Бұрын қолданыста болған оқу бағдарламаларын қазіргі жаңартылған білім мазмұны бағдарламаларымен салыстырғанда педагогикалық үдерісті табысты ұйымдастыру мен межелі мақсаттарға қол жеткізу бағыты бағдарламаның сегіз бөлімін басшылыққа ала отырып жүзеге асыру қарастырылған.

Осы тұрғыдан келген де, Ж.М.Саурыкованың ғылыми жұмысы бүгінгі күннің өзектілігіне айналған қоғам талаптарына сәйкес алынған мағыналы, жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы оқушылардың жеке тұлғалық болмысында білім-білік, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру мен өзігінен білім алуға және жаратылыс дүниенің бүтіндік болмысын, заңдылықтарын, өзара байланыстары бастауыш сыныптан-ақ ғылыми тұрғыдан танып-білуге бағытталған тақырып. Аталған жұмыс Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаға және білім беру стандарттарына сәйкестендіріліп орындалған.



Сондықтан да Ж.М.Саурыкованың диссертациясының өзектілігі, жаңартылған білім мазмұнда бастауыштағы педагогикалық үдерісті пәнаралық байланыстар негізінде ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін қарастырады және ғылыми сұранысқа ие, жалпы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, айқын алынған.

**2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Ж.М.Саурыкованың диссертациялық жұмысында мазмұндалған тұжырымдар мен қорытындылардың ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары деп есептеуге болады.

2.1. *Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* докторанттың зерттеу тақырыптық жұмысының аясында алыс, жақын шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, «Пәнаралық байланыс» ұғымына сипаттама беріп, нормативтік-құқықтық құжаттар мен жаңартылған білім мазмұнын беретін оқу бағдарламасының құрылымдық жүйесін басшылыққа алғандығы;

2.2. *Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* докторант бастауыштың жаңартылған білім мазмұны негізінде жүзеге асырылатын пәнаралық байланыс үдерісінің ғылыми-әдістемелік жүйесін талдап және «пәнаралық байланыс» ұғымының құрылымын аша отырып, оқушылардың ғылыми-танымдық әрекеттері, олардың жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуының барысы, қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктеріне сипаттамаларын беру арқылы дәлелденген;

2.3. *Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* жаңартылған оқу бағдарламасы жүйесі негізінде бастауыш сыныптың педагогикалық үдерісінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдарын құрылымдық-мазмұндық нобайы /моделі/ арқылы дәлелденеді. Нобайда қарастырылған мәселе бойынша мазмұндық, мақсатты-мотивациялық, іс-әрекеттік құрылымдары жасалып, оның өлшемдері, көрсеткіштері және ұйымдастырушылық, мазмұндық деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде педагогикалық шарттарын анықтап, қарастырғандығында;

2.4. *Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* жаңартылған білім мазмұны арқылы оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған нобайдың тиімділігін бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үдерісінде тәжірибелік-эксперименттік сынықтан өткізуі және ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау жасап, дәлелденуімен негізделеді.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми ережелердің деңгейіне сәйкес орындалған. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалық деңгейі мәселені дұрыс қоя білуінде, оны негіздеп, ұтымды теориялық-әдіснамалық



бағыт таңдай алуында. Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығы төмендегішекөрініс тапқан:

-«Пәнаралық байланыс» ұғымына білім философиясы мен педагогика ғылымы тұрғысындағы еңбектер негізінде қарастырылуы және жаңартылған оқу бағдарламасы жүйесі тұрғысынан терең теориялық талдау жасап, кешенді зерттеулерді жүргізуі арқылы диссертант жеке өзіндік анықтама беруі бірінші нәтиженің **жаңалығы** деп санаймыз;

- «Бастауыш сынып оқушыларына ұйымдастырылатын оқу-тәрбие барыстарында орын алатын пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттары анықталып, «педагогикалық құбылыс» ретінде жеке көзқарас танытуы және оның мазмұны мен мәнін нақтыланып берілінуі екінші нәтиженің **жаңалығы** бола алады;

- Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық болмысының дамуына жаңартылған білім мазмұнын аясында ұйымдастырылатын пәнаралық байланысқа негізделген құрылымдық-мазмұндық нобайы /моделі/, оның мазмұнына сәйкес әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарды, әдістемелік жүйесі мен құрамалары, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалғандықтан **жаңа** болып табылады;

-Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде бастауыштағы педагогикалық үдерісте оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды жетілдіру мақсатында пәнаралық байланысты «ортақ бөлімдер мен ортақ тақырыптар» арқылы тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныс беруімен 2017 жылдардан бастап мектептердің бастауыш білім беру кезеңдерінде апробациядан өткізуі -төртінші нәтиженің **жаңалығына** дәлел болады;

**4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелер бастауыш білім берудің педагогикасы және жеке пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және педагогикалық тәжірибе тұрғысында құнды болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, қол жеткізген нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар бастауыш сыныптарында ұйымдастырылатын педагогикалық үдерісте, жоғары оқу орнындағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын бөлімдерде, педагогикалық колледждерде және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты тәжірибелерінде қолдануға болады.

**5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен нәтижелері Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленген шет елдік және Отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында талап бойынша мақалалары



жарияланған. Диссертацияның негізгі мазмұны зерттеушінің жариялаған ғылыми-әдістемелік еңбектерінің жиынтығында қамтылып, мазмұндары ашылған және Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған талаптарды толық орындағандығын растайды.

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертацияда жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерінің қарастырылғанын, оқу-тәрбие барыстарында ғылыми-әдістемелік жұмыстарының талаптарға сай жүйеленгенін, сол бойынша тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалғанын атай отырып, жұмыстың мазмұны мен құрылымына қатысты ұсыныстарды айта кету қажет деп санаймын.

1. Жұмыста жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сыныптарда пәнаралық байланыстарды дамытуға бағытталған жұмыстар, оқыту әдістемесі кең көлемде талданған. Сондықтан, пәндердің әсерлесуімен жүргізілетін педагогикалық үдерістерде оқушыларды дамытуға негізделген жұмыс түрлеріне арналған жеке әдістемелік құрал жазылып, ұсынылса.

2. Диссертациялық жұмыста берілген суреттер мен кестелерді шатастырмай белгілеу керек және ғылыми-зерттеушілік жұмысты жазу мен компьютермен теру барысында орфографиялық және грамматикалық қателер орын алған.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

#### **7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

Саурыкова Жулдыз Мейрхановнаның қорғауға ұсынып отырған «Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Қорытып айтқанда, аталған диссертациясы үшін Саурыкова Жулдыз Мейрхановна 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Рецензент:**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы**

**Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**PhD доктор, доцент м.а.**

